

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ
ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАМАНДАР ЖҮЙЕСІН
ДАЙЫНДАУ БАСЫМДЫҚТАРЫ**

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

**EKONOMİNİN ENDÜSTRİYEL VE İNOVASYONEL
GELİŞİMİ VE GÜNÜMÜZ UZMAN YETİŞTİRME
SİSTEMİNİN ÖNCELİKLERİ**

Konulu
Uluslararası Bilimsel Uygulamalı Konferans

**ПРИОРИТЕТЫ ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО
РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ И СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ
ПОДГОТОВКИ КАДРОВ**

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции

I том

Түркістан, 2011 жыл
Türkestan, 2011 yıl
Туркестан, 2011 год

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ АЙМАҚТЫҚ ДАМУЫН БАҒАЛАУ

С.Т.Қарғабасева, экономика ғылымдарының кандидаты
Халықаралық Бизнес Академиясы

Нарықтық экономикада шағын және орта бизнес экономикалық ауыспалы үрдісінде бастапқы болып табылады. Қазақстан Республикасының экономикасында ауыспалы үрдістер жұмысбастылық құрылымда өзгерістерді көрсетті, ол шағын және орта бизнестің рөлін қайта қарауға ұйғарады.

Шағын және орта кәсіпкерлік капитал жинақтауда маңызды қызметті атқарады, кәсіпкерлік құрылымға шектес салаларға кіруге, жаңа кәсіпорындардың құрылуына, инфрақұрылымның қалыптасуына, нарықтық қатынастардың дамуына мүмкіндік береді. Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытудың негізгі объектісі аймақтық кәсіпкерлік болып табылады, оған елдің кең аумағы, табиғи және әлеуметтік-экономикалық шарттардың ерекшелігі ықпалын тигізеді. Қазақстанның әр облысына аймақтық ерекшелік, экономиканың өзінің даму деңгейі, өзінің іс әрекет ететін мамандану деңгейі, ерекше демографиялық және әлеуметтік құрылымы тән.

Аймақтардың шаруашылық құрылымы, ондағы салалардың және іс әрекет түрлерінің басымдылығы шағын және орта бизнестің негізгі бағыттарын және даму ерекшеліктерін анықтайды.

Аймақтық саясаттың міндеттері ұзақ мерзімді сипатқа ие. Міндеттердің басымдылықтары өзгереді, оларды шешу үшін жаңа әдістер талап етіледі. Негізгі аймақтық міндеттерді жүзеге асыру Қазақстанның жалпы экономикалық дамуымен, құрылымдық, инвестициялық, сыртқы экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын таңдаумен тығыз байланысты болуы қажет. Сондықтан аймақтық және ішкі аймақтық экономиканы реттеуде мемлекеттің қатысуы маңызды [1].

Қазақстандағы аймақтық дамуды зерттеуден көргендей, бір қатар факторлардан экономикалық даму деңгейі әртүрлі, ол факторлар ендігілер: өнеркәсіптік және құрылыстық даму деңгейі, табиғи ресурстар, климаттық шарттар, әкімшілік орталықтарға жақындығы. Кейбір аймақтар қарқынды дамуы, мысалы Астана қаласында осы аймақта және жалпы республика бойынша кәсіпкерліктің белсенді дамуына жетелейді. Қазақстанның басқа облыстары сәйкес аймақтық даму стратегиясын таңдап, кәсіпкерлік белсенділікті көтереді. Осыдан орналасқан жеріне байланысты шағын және орта бизнестің субъектілері бір келкі емес дамыған (1 кесте).

2005-2010 жылдары шағын кәсіпкерлік субъектілерінің дамуы көрсетіп отыр, Алматы, Астана қалаларында, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында белсенді кәсіпорындардың саны жоғары, ал Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында белсенділігі төмендеу. Алматы қаласында, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында іс әрекет ететін жеке кәсіпкерлер көптеу, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында аздау.

1 кесте – Аймақтық бөлісіндегі шағын және орта бизнестің белсенді субъектілері

Аймақ	мың бірліктер											
	2005	2006	%	2007	%	2008	%	2009	%	2010	%	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
Қазақстан Республикасы	507	573	113	643	112,2	706	109,7	663	93,9	628	94,7	
Ақмола	22,7	29,1	128	31,6	108,5	33,2	105	26,8	80,7	24,7	92,1	
Ақтөбе	15,5	23,9	154	27,1	113,3	27,8	102,5	22,8	82	21,4	93,8	
Алматы	61,1	69,1	113	82,4	119,2	90,8	110,1	107,8	118,7	103,2	95,7	
Атырау	20,9	25,4	121,5	29,3	115,3	33,4	114	18,2	54,4	17,6	96,7	
Шығыс Қазақстан	45,8	50,0	109,1	59,3	118,6	68,6	115,6	68,9	100,4	62,0	89,9	
Жамбыл	27,3	34,2	125,2	33,8	98,8	36,1	106,8	36,7	101,6	35	95,3	
Батыс Қазақстан	16,4	18,9	115,2	22,3	117,9	24,2	108,5	19,0	78,5	18,1	95,2	
Қарағанды	31,9	33,8	105,9	38,5	113,9	40,9	106,2	43,7	106,8	41,8	95,6	
Қостанай	30,1	34,5	115	41,8	121,1	43,5	104	36,2	83,2	33,1	91,4	
Қызылорда	13,8	16	115,9	15,6	97,5	19,8	126,9	14,6	73,7	12,9	88,3	
Маңғыстау	14,2	18,4	129,5	21,9	119	24,8	113,2	16,5	66,5	15,9	96,3	
Павлодар	21,6	23,4	108,3	26,2	111,9	28,7	109,5	24,2	84,3	22,4	92,5	
Оңтүстік Қазақстан	21,9	21,2	96,8	18,9	89,1	22,9	121,1	20,9	91,2	19,1	91,3	
Оңтүстік Қазақстан	98,3	104,4	106,2	105,1	100,6	111,6	106,1	122,9	110,1	119,2	96,9	
Астана қ.	21,2	23,0	108,4	28,8	125,2	32,2	111,8	25,8	80,1	24,8	96,1	
Алматы қ.	44,5	47,7	107,1	60,7	127,2	67,6	111,3	58,6	86,8	56,2	95,9	

Ескерту – ҚР статистикасы Агенттігінің статистикалық мәліметтері негізінде автормен құрылған

Агроөнеркәсіп кешенінде Оңтүстік Қазақстан облысында (ҚР жалпы санынан 35,4%), Алматы, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында фермерлік шаруашылықтардың саны көп.

Қазақстанның әр аймақтарында шағын кәсіпкерліктің дамуын қарастырайық. Қазақстан Республикасы статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша егер Алматы қаласында 2005 жылы шағын және орта бизнестің белсенді субъектілері 44,5 мың бірлік болса, онда 2011 жылы 1 қантар айында олардың саны 56,2 мың бірлікке жетті (соның ішінде, орта бизнес кәсіпорындарында - заңды тұлғалар 26% немесе 71,8 мың адам, шағын бизнес кәсіпорындарында – 126,3 мың адам немесе 46%, жеке кәсіпкерлер – 77,3 мың адам немесе Алматы қаласы бойынша шағын және орта бизнес секторында жұмыс істейтіндердің жалпы санының 28%, фермерлік шаруашылықтар бар болғаны 57 адамды құрады), бес жыл ішінде өсім 126,2% құрады. Шағын және орта бизнес кәсіпорындары тұтастай алғанда қарастырылып отырған кезеңде 6,3 мың бірлікке көбейіп, тұрақты өсім 2006 ж. бері байқалуда. Кәсіпкерлердің белсенді қызмет етуінен 2010 жылы шағын және орта бизнестің белсенді субъектілер саны 628 мыңға жетті, өсімге негізінен жеке кәсіпкерлердің жалпы санының өсуі әсер етті [2].

Астана қаласында 2005 жылы шағын және орта бизнестің белсенді субъектілерінің саны 21,2 мың жетті, ал 2011 жылдың 1 қантарында олардың саны 24,8 бірлікке жетті (солардың ішінде заңды тұлғалар – 47% (25,4 мың), жеке кәсіпкерлер – 53% (28,6 мың), фермерлік шаруашылықтар саны 15

бірлікті құрады), бес жыл ішінде өсім 116,9% құрады. Белсенді кәсіпкерлер арасында жеке кәсіпкерлер саны 53% құраса да, олар қаржы дағдарыс әсерінен, қаржы құралдардың жетіспеуінен негізгі көрсеткіштердің өсу деңгейіне жетпеді.

Алматы облысында 2005 жылы шағын және орта бизнестің белсенді субъектілер саны 61,1 мың бірлік болды, 2011 жылдың 1 қаңтарына 103,2 мың бірлікке жетті (соның ішінде заңды тұлғалар – 8% (10,7 мың), жеке кәсіпкерлер – 48% (49,5 мың), фермерлік шаруашылықтар – 47% (49 мың)), бес жыл ішінде өсім – 168,9% құрады. Облыста шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына маңызды үлесін фермерлік шаруашылықтар қосты.

Оңтүстік Қазақстан облысында 2005 жылы шағын және орта бизнестің белсенді субъектілер саны 98,3 мың бірлік болды, ал 2011 жылы 1 қаңтарына 119,2 мың бірлікті құрады (соның ішінде заңды тұлғалар - 4% (4,9 мың), жеке кәсіпкерлер – 47% (55,5 мың), фермерлік шаруашылықтар – 49% (58,8 мың)), өсім бес жыл ішінде 121,6% құрады. Аймақта кәсіпкерліктің дамуына фермерлік шаруашылықтар маңызды үлесін қосты.

Соңғы екі жылда Ақтөбе облысындағы шағын және орта бизнесте тіркелген және белсенді субъектілері санының динамикасы төмендегені байқалады. 2009-2010 жылдың тіркелген субъектілер 18%, белсенді субъектілер - 30% төмендеген. Осының салдарынан шағын және орта бизнестің тіркелген субъектілерінің жалпы санындағы шағын және орта бизнестің белсенді субъектілерінің де үлесі төмендеді. Атап айтсақ, 2007 жылы бұл үлес 73% құраған болса, 2010 жылы 65% құраған.

Берілген аймақтарды талдау көрсеткендей, соңғы бес жыл ішінде Қазақстанда шағын және орта бизнестің субъектілер саны өскен, өндіріс және қызметтер көлемі, бюджетке төлемдер жоғарылады.

Салыстырмалы түрде алып қарағанда шағын және орта бизнес субъектілері санының жыл сайынғы динамикасы келесідей: 2009 жылға дейін шағын және орта бизнес тіркелген және белсенді субъектілері жыл сайынғы өсу қарқыны орташа есеппен 12% құрады, алайда 2009 жылы шағын және орта бизнес тіркелген субъектілері саны 8,9%, белсенді субъектілерінің саны - 6,1% азайды. 2010 жылы абсолютті көріністе шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 2010 жылдың жағдайы бойынша 663 мыңнан 2011 жылы жағдай бойынша 628 мыңға қысқарып, 35 мыңға азайған.

Жалпы экономикалық дағдарыс ең алдымен Қазақстанның құрылыс, өнеркәсіп салаларына әсер етті, ол ең алдымен салалардың ерекшелігімен түсіндіріледі. Республиканың құрылыс кешенін зерттеу құрылыс-монтаж жұмыстарының жалпы төмендеуін көрсетеді, ол ең алдымен, шетел және отандық инвестициялардың төмендеуімен, екінші деңгейлі банктердің несиелеуінің төмендеуімен байланысты.

Шағын және орта бизнестің дамуын зерттеу көрсеткендей, шағын және орта бизнестің субъектілерін несиелеу екінші деңгейлі банктердің, арнаулы Қорлардың, микронесие ұйымдардың, республикалық және облыстық бюджеттердің, Үкіметтің сыртқы қарыздар құралдарының, кәсіпкерлердің өз қаражаттары және дағдарысқа қарсы құралдар көмегі арқылы жүргізілді.

2007-2010 жылдары шағын және орта бизнеске қаржылық көмек көрсету құралдарының жалпы саны 4360,1 млрд. теңгені құрады. 2010 жылы шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген несиелер 463,7 млрд.теңгені құрады немесе 23% өсті.

Жыл сайын шағын кәсіпкерлердің субъектілер санының, жаңа жұмыс орындардың, шағын және орта бизнес саласында жұмысбастылар санының, өнім шығаруы және елдің ЖІӨ шағын және орта бизнестің үлесінің өсуі байқалады. Мысалы, егер елдің ЖІӨ шағын кәсіпкерліктің үлесі 1996 жылы 2% құраса, онда 1998 жылы 7%, 2007 жылы 30,8% жетіп, 2010 жылы 29% болды.

Қазақстанда шағын және орта бизнестің 2005-2010 ж.ж. даму динамикасынан көргендей, 2005 жылдан бастап шағын және орта кәсіпкерліктің тіркелген субъектілер саны 3,0 есеге, белсенді шағын кәсіпорындар – 5,4 есеге төмендеген, шағын және орта бизнесте жұмысбастылар саны 26% және өнім шығару – 25% құрады.

Әлемдік қаржы дағдарыс әсерінен 2010 жыл ішінде Қазақстандағы шағын және орта бизнестің дамуын сипаттайтын негізгі индикаторлар төмендеген.

2000-2010 жылдары шағын және орта бизнестің тіркелген субъектілер құрылымынан көптеген саны саудада және тұтынушыларға қызмет көрсету салаларында жұмыс істеген. Қазақстанның экономикалық даму кешенінің дамуына шағын және орта бизнестің үлесі жыл сайын өсуде. Кедейшілік және жұмыссыздық масштабтары төмендеуде. Жұмыссыздық жалпы деңгейі 2007 жылы 7,3%, 2008 жылы – 6,6%, 2009 жылы – 6,6%, 2010 жылы – 6,3% құрады [2].

Ұйымдастыру-құқықтық бөліністе шағын және орта бизнестің белсенді субъектілері санының динамикасында соңғы алты жылда төмендегідей беталыс көрініс алуда:

- шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны 2005 жылдан бастап, тұрақты өсуде: қарастырылып отырған кезең аралығында өсім 1,2 мың субъектіні құрады;

- 2008 жылдың аяғына дейін саны артып келген жеке кәсіпорындар саны 2009 жылы бірден 23% азайды. 2010 жылдың аяғына таман 14,6 мыңды құрады;

- шаруа фермерлік қожалықтар саны 2005 жылдан бері 400 субъектіге азайған.

Ауылда несиелеу механизмінің жетілмегендігінен «1998-2000 жылдары Қазақстан Республикасының ең төмен қамтамасыз етілген азаматтарын микронесиелеу бағдарламасы туралы» 1998 жылы 12 желтоқсанда №103 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысының жүзеге асқаннан бастап «ауыл шаруашылықты қаржылық қолдау Қоры» АҚ арқылы тек 4,3% ауыл кәсіпкерлері несиеленген. Республикада тіркелген 402 микронесиелік ұйымдардың тек 50% қызмет етеді, олар негізінен ірі қалаларда орналасқан және ауылдық аймақтарды дамытуға ықпалы жоқ. Осы шараларға жергілікті бюджеттердің құралдары да пайдаланылмайды. Шағын және орта

бизнес субъектілерімен өнім шығару (тауарларды және қызметтерді) 2010 жылы 2009 жылмен (тұрақты бағларда) салыстырғанда 76,5% төмендеді және 4108 млрд. теңгені құрады.

Аймақтық (жергілікті) басқару құрылымдардың басты мақсаты – жанұялық бизнес инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша шаралар жүргізу, себебі ол мал және құс шаруашылығын жүргізуге негізделеді, бұл ең алдымен, техниканы жалға беру және жөндеу, жем дайындау, жеткізу, дайын өнімді жүзеге асыру және сатып алу сияқты қызметтер көрсету бойынша құрылым болып табылады.

Сонымен, шағын және орта бизнесті дамытудың басымды аймақтық бағыттары:

- бюджеттік саланы сауықтыру арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, кеңінен шағын және орта бизнеске инвестицияларды тарту;
- шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту Бағдарламасын жүзеге асыру;
- жанұялық бизнестің инфрақұрылымын дамыту үшін жағдай жасау;
- шағын және орта бизнесті қолдау қызметтер Орталықтарын кеңейту;
- жоғары технологиялық өндірістерге тікелей инвестицияларды тарту үшін инвестициялық климатты жетілдіру.

Қазақстанда шағын және орта бизнестің әрі қарай дамуы үшін «Қазақстан - 2030» даму бағдарламасына сәйкес шағын және орта бизнестің аймақтық құрылымдарын жетілдіру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 «Шағын кәсіпкерліктің дамуын белсенді ету және мемлекеттік қолдауын күшейту бойынша шаралары туралы»: 6 наурыз 1997 ж. № 3398 ҚР Президентінің Жарлығы // ҚР шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша заңды-нормативтік актілер жинағы. – Алматы, 1997. – 4-6 бет.

2 ҚР статистикасы бойынша Агенттіктің статистикалық мәліметтері, 2000-2010гг.